

Сыртқы аудитор туралы ақпарат

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 20 қаңтардағы шешіміне (№05/22 хаттама) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) 2022-2024 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) айқындалды.

2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі 2022 жылғы 22 ақпандағы №172-27 Шарттың (бұдан әрі – Шарт) сомасы, Шартқа қосымша келісімдерді ескере отырып, ҚҚС-ты есепке алғанда 1 665 416 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтиды, оның ішінде жылдар бойынша:

- 2022 жыл – 518 432 мың теңге;
- 2023 жыл – 554 865 мың теңге;
- 2024 жыл – 592 119 мың теңге.

2023 жылы Сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпарат:

№	Сыртқы аудитор көрсеткен қызметтердің атауы	Қызметтердің құны, ҚҚС-сыз, мың теңге	
		2023 жыл	2022 жыл
1	Есепті кезең үшін тоқсан сайынғы шолуларды қоса алғанда, ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудиті бойынша шығыстар	1 833 322	1 746 696
2	Аудиторлық емес қызметтер		
2.1	Орнықты даму туралы есепті верификациялау жөніндегі консультациялық қызметтер	44 177	-
2.2	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша заңнаманы қолдану және салық есебін жүргізу мәселелері бойынша консультация беру, трансферттік баға белгілеу бойынша құжаттарды дайындау, салық шығындарын бағалау	15 748	7 060
2.3	Жалақыға шолу	1 100	-
2.4	Басқарушылық есептілігінің аудиті	684	-
2.5	Корпоративтік басқаруды жақсартуға байланысты консультациялық қызметтер	-	19 713
2.6	4400 «Қаржылық ақпаратқа қатысты келісілген рәсімдерді орындау бойынша тапсырмалар» Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес көрсетілген ілеспе қызметтер	-	8 682
2.7	Біліктілікті арттыру бойынша оқыту, АССА (ДимИФР)	-	1 326
	ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының аудиторлық емес қызметтері бойынша шығыстар ЖИЫНЫ	61 709	36 781
3	Аудиторлық емес қызметтердің үлесі, %	3,4%	2,1%